ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 желтоқсан іс №4360-24-00-2/3192 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Жақыпбектің қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Архитект Строй КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Ж.Ибраева,
Жауапкер өкілі Э.Еремина,
Аудармашы М.Тогизбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 15 тамызында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №79 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 711 200 теңгеге интерактивтік панель(интерактивный сенсорный стол) шарт күшіне енгеннен кейін 30 жұмыс күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың 8.1. тармағында шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енетіні бекітілген.

Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 20 тамызында тіркелген.

2024 жылғы 12 қарашадағы №79/01 қосымша келісімге сай «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 45 бабы 2 тармағы 9

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Бержанов К. М., 21.01.2025
4360-24-3-1/3363

тармақшасына сәйкес шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі 10 жұмыс күнге ұзартылған.

Тиісінше, шарттың орындалу мерзімі 2024 жылдың 16 қазан күні аяқталады.

Жауапкер тауарды жеткізбегенін, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және төленген 30 пайыз авансты қайтару туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Істі қарау барысында талап қоюшы тарапы талап қоюды нақтылап, жауапкердің 30 пайыз авансты 3 желтоқсан 2024 жылы мектептің есеп шотына қайтарғандығын ескеріп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер тарапынан талап қоюға қарсы пікір бермеген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Ж.Ибраева талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша жеткізуге тиісті тауарды жеткізбегенін, жауапкер 30 пайыз авансты қайтарғанын, қосымша шартқа сай жауапкердің тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 16 қазанға дейін екенін, шарт 29 қараша 2024 жылы бұзылғанын, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, соттан нақтыланған талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі Э.Еремина өз түсінігінде 30 пайыз аванс қайтарылғанын, тауар әлі жолда екенін, тауарды уақытылы жеткізе алмағанын, талап қою бойынша шешім қабылдауды сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Бержанов К. М., 21.01.2025
4360-24-3-1/3363

жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған 2024 жылғы 15 тамызындағы №79 шартының және 2024 жылғы 12 қарашадағы қосымша келісімнің талаптарына сай жауапкер 2024 жылдың 16 қазанына дейін тауарды жеткізуге міндеттенген.

Жауапкер тарапынан тауар талап қоюшыға жеткізілмеген.

Шартты біржақты 29 қараша 2024 жылы бұзылған.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарттың қосымшасында көрсетілген тауарды жеткізбегендігі, шарт талаптарын тиісінше орындамағандығы анықталады.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 14 қарашада жүгінген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Архитект Строй КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Архитект Строй КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Архитект Строй КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846(бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Бержанов К. М., 21.01.2025
4360-24-3-1/3363

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Бержанов К. М., 21.01.2025

4360-24-3-1/3363